

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АҚ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Қор компанияларының шығындарын оңтайландыру бойынша ақпаратты тыңдады

2013 жылғы 31 қазан

Астана қаласы

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Қор қызметінің тиімділігін арттыру мен шығындарды оңтайландыру мәселесін қарады.

«Самұрық-Қазына» АҚ 2012-2022 жылдардағы даму стратегиясының мақсат-міндеттеріне сәйкес, Қор бірінші кезекте компаниялардың құнын арттыруды көздейді.

Осыған байланысты Қордың тарапынан операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған үздіксіз жұмыстар жүргізіліп отыр. Оның ішінде функционалдық талдау, активтерді қайта құрылымдау, шығынды қысқартып, қызметкерлер санын оңтайландыру бар.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Қор компаниялардың шығынын оңтайландырып, әкімшілік-басқару қызметіндегі 2210 бірлікті қысқарту арқылы 10 млрд. теңге әкімшілік шығынды үнемдеді.

Қор ірі компаниялармен бірлесіп, 2013-2015 жылдарға арналған шығындарды қысқарты бағдарламасын жасап, іске асыруда, осы арқылы тағы 135 млрд теңге үнемделетін болады.

Директорлар кеңесі Қор компанияларына арналған жаңа ІТ стратегияны талқылады. Мәжілісте айтылғандай, жаңа ІТ стратегия аясында, ақпараттық өнімге шығынды азайтып, өндірістік тиімділікті арттыру арқылы компаниялар тобында \$300 млн. үнемдеу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, компаниялар құнын арттыру стратегиясы аясында Қор компанияларының құнын бағалау әдістемесі де қаралды. Бұл құжат PwC Tax&Advisory ұсыныстары бойынша енгізілген және қор нарығына қатыспайтын компаниялардың құнының өзгеруін бақылап отыратын болады.

Сондай-ақ, Қор басқармасы Директорлар кеңесінің қарауына тәуекелдер бойынша жинақталған негіздегі, тоқсандық есебін ұсынды.

Мәжілісте Қор қызметіне қатысты өзге де мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

**Жұртшылықпен байланыс департаменті,
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ:
+7 (7172) 55-41-14**